

У.А. Агулыкова^{*} , Б.Қ. Исабек *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан**(E-mail: agulykova.ulzhanat@okmpu.kz; barsha73@mail.ru)*

Сырдария округі аудандарындағы ұжымдастыру және тәркілеу науқанының ерекшеліктері

1928-1930 жылдары Қазақ АССР құрамында болған Сырдария округі ауыл шаруашылығына мамандандырылған аграрлық округ болғаны белгілі. Округтегі негізгі экономикалық қызмет егіншілік пен мал шаруашылығы болды, бұл ауылшаруашылық өндірісіне бағытталған көптеген аудандардың болуымен расталады. Осылайша, Сырдария округі 1920-шы жылдардың аяғы мен 1930-шы жылдардағы өзгерістерде маңызды рөл атқарды және ұжымдастыру мен байларды тәркілеу науқанынан тыс қалмады. Қазақстанның басқа бөліктеріндегідей, Сырдария округінде ұжымдастыру қатаң мәжбүрлеу жағдайында өтті және халықтан мал мен жерді күштеп алып қоюмен қатар жүрді, бұл жаппай ашаршылық пен адам өліміне әкелді. Мақалада орталық және өңірлік партиялық-мемлекеттік органдар деңгейінде үздіксіз ұжымдастыру саясатын әзірлеу үдерісі, оның ерекшеліктері зерттелді. Мұрағат құжаттарының негізінде мақаланың авторлары Сырдария округіндегі байлардың мүліктерін тәркілеу бойынша шаралар кешенін қарастырады.

Кілт сөздер: ұжымдастыру, байлардың мүліктерін тәркілеу, Сырдария округі, аштық, ауылшаруашылығы, ұжымдастыру саясаты, Қазақстан тарихы.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде архив құжаттарының негізінде халқымыздың өткен тарихындағы «ақтаңдақтарды» ғылыми тұрғыдан зерттеу жұмыстары толассыз жүргізілуде. Осындай «ақтаңдақтардың» әрі күрделі кезеңдердің бірі — ұжымдастыру және байлардың мал-мүліктерін тәркілеу науқанымен байланысты. Бұл науқан саяси тұрғыдан да, академиялық зерттеу тұрғысынан да толық ғылыми бағасын алмаған мәселелердің бірі болып саналады. Сондықтан, қазіргі уақытта отандық тарих ғылымында кеңес өкіметі кезінде жүргізілген күштеп ұжымдастыру науқанына архив құжаттары негізінде талдау жасалынып, шынайы бағасы берілуде.

Ұжымдастыру кезеңінде Қазақстанның бір бөлігі саналған Сырдария округінің Кеңес үкіметі үшін округтің мал шаруашылығындағы рөлі және қоныстандыратын территория ретінде маңызы жоғары болды. Сондықтан, Сырдария округінде де (округтің ауылшаруашылығына бағытталғанына қарамастан) Кеңес өкіметінің тарапынан байлардың малдары мен мүліктерін тәркілеу және жаппай ұжымдастыру науқаны жүрді. Бұл науқан Сырдария округінің экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірінде айтарлықтай із қалдырды. Сондықтан да Сырдария округінде байлардың мал-мүліктерін тәркілеу, жалпы округтегі ұжымдастыру науқанын архив құжаттарының негізінде зерттеудің маңызы жоғары.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік материалдарын Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің 30-ыншы, 1432-нші қорлары, Оңтүстік Қазақстан облысының Мемлекеттік архивінің 29-ыншы қоры, Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің 141-інші қорының материалдары құрайды. Аталған архив қорларында Сырдария округінде жүргізілген байлардың мал-мүліктерін тәркілеу және округтегі ұжымдастыру науқанына қатысты статистикалық құнды деректер сақталған.

Мақаланы жазу барысында тарихи зерттеулердің танымал әдістерінің бірі — мәселелік-хронологиялық әдіс қолданылды. Бұл әдіс Сырдария округіндегі ұжымдастырудың кең мәселесін бірнеше аспектіге бөліп, хронологиялық бірізділікпен зерттеуге мүмкіндік берді. Тарихи-салыстыру әдісінің негізінде Сырдария округіндегі байлардың мал-мүліктерін тәркілеу мен ұжымдастыру науқанының сандық және сапалық өзгерістері анықталды. Сырдария округінің аудандарындағы халық санын, оның ішінде қазақтардың үлесін, округтегі шаруашылық түрлерін, Әулиеата,

^{*} Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: agulykova.ulzhanat@okmpu.kz

Қарсақпай, Мерке, Түркістан, Бадам, Талас, Қызылқұм және Шаян аудандары байларының мүліктерін тәркілеу нәтижесін, жалпы округтегі ұжымдастырудың қарқынын анықтау барысында талдау, синтездеу, жүйелеу және сипаттау сияқты жалпы ғылыми әдістер пайдаланылды. Статистикалық әдістер округтегі көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы шаруашылықтардың санын және округтегі халықтың ұлттық құрамын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелері

Сырдария округінің сипаттамасы. 1927 ж. 26 маусымдағы Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиумының қаулысына сәйкес Сырдария губерниясының негізінде Сырдария округі құрылған болатын. Осы кезде Сырдария округінің құрамына 390 000 шаршы шақырымды қамтыған Әулиеата, Шымкент, Ташқазак, Түркістан уездері, Сарысу болысы, Ақмола уезінің Сарысу болысы, Қарқаралы уезінің Шет болысының бір бөлігі кірген. Ал Шымкент, Түркістан, Әулиеата, Чичерино округтегі ірі қалалар болған. Ал Сырдария округінің аудандарына келер болсақ, округте 21 аудан болған, соның ішінде 15 қазақ, 1 орыс, 2 өзбек, 3 аралас аудандар бар (1-кесте). Ұлттық құрамы жағынан округ халқының 73,5 %-ы қазақ, 6,2 %-ы орыс халықтары құраса, қалған 20,3 %-ын басқа ұлттар құраған. Халықтың орналасу тығыздығы 1 шаршы шақырымға 2,3 адамнен келеді. Барлық ауылшаруашылығымен айналысатын 160 664 шаруашылықтың 129 278-і тек қана қазақтардан құралған. Округтегі барлық мал басы 5 110 мыңнан астам болып, әр шаруашылыққа 36 бастан келеді. Мал басы құрамының 6,4 %-ы жылқы, 9,1%-ы мүйізді ірі қара, 59,8%-ы қой, 24,3%-ы ешкі, 2,9%-ы түйе, 0,25%-ы шошқадан құралған [1; 158].

1928 ж. 30 тамыздағы ҚазКСР Халық комиссарлар кеңесінің «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын анықтау» жөніндегі қаулысына сәйкес Сырдария округінің көшпелі аудандары ретінде Қызылқұм, Созақ, Сарысу және Шу аудандары бөліп көрсетілсе, жартылай көшпелі аудандарына Талас, Әулиеата, Меркі, Қараспан, Арыс, Түлкібас және Шаян аудандары енген. Ал округтің отырықшы аудандары тізіміне Түркістан, Келес, Бадам, Қаратас аудандары енгізілген [2].

1 - кесте


Сырдария округінің аудандары [1; 162]

№	Аудан атауы	Барлық халқы	Қазақтардың үлесі	№	Аудан атауы	Барлық халқы	Қазақтардың үлесі
1	Әулиеата	62 472	56 748	12	Түркістан	60 589	37 805
2	Жуалы	30 052	18 597	13	Жаңақорған	30 319	30 000
3	Мерке	58 526	48 878	14	Арыс	45 868	43 172
4	Сарысу	49 300	49 276	15	Бадам	42 148	40 821
5	Шу	47 225	44 464	16	Ақсу	25 955	280
6	Талас	29 255	29 170	17	Қараспан	25 210	23 276
7	Бостандық	30 714	-	18	Манкент	-	-
8	Үржар	24 482	14 035	19	Сайрам	38 805	3 168
9	Қаратас	60 845	60 420	20	Шаян	38 213	36 666
10	Қызылқұм	25 387	25 038	21	Түлкібас	31 075	29 894
11	Созақ	34 943	34 125				

Кестеден көріп отырғанымыздай, Сырдария округінің 21 ауданының ішінде Әулиеатада, Меркеде және Қаратаста, Түркістанда жалпы халық санының, сонымен қоса ондағы қазақтардың үлесінің басым екенін көруімізге болады.

Сырдария округі мал шаруашылығына негізделген, барлық шаруашылықтың 58 пайызы мал шаруашылығымен, ал 42 пайызы малшаруашылығы және жер игерушілікпен шұғылданған [3; 20].

Округтегі шаруашылықтың түрлерін келесі 1-суреттен көруге болады.



1-сурет. Округтегі шаруашылық түрлері [4; 17]

1-суреттен көріп отырғанымыздай, Аралда 5585 отырықшы, 607 жартылай отырықшы, 2439 көшпелі шаруашылықтары болса; Қазалыда 6197 отырықшы, 402 жартылай отырықшы, 2439 көшпелі шаруашылықтары болған. Ал Қармақшыда 3442 отырықшы, 783 жартылай отырықшы, 1567 көшпелі шаруашылықтары; Тереңөзекте 4097 отырықшы, 8 жартылай отырықшы, 1059 көшпелі шаруашылықтары болса; Аламесекте 2585 отырықшы, 13 жартылай отырықшы және 1034 көшпелі шаруашылықтары болған. Жалпы алғанда, Сырдария округінің 8 аудандары бойынша шаруашылықтың барлық саны 51970 шаруашылық болған.

Барлық шаруашылықтың 95%-ын қазақ шаруашылықтары құрап, 33 800 гектар егістік көлемінің 61%-ы бидай, 11,5 %-ы арпа, 5 %-ы сұлы, 4,2 %-ы мақта, 1,2%-ы жүгері, 0,6%-ы күріш, 16,5%-ы басқа егін түрлеріне бөлінген. Егіс көлемінің 20800 гектары суармалы жерлер болды [1; 164].

Сырдария округіндегі байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқаны. 1928 ж. 27 тамыздағы Қазақстан Орталық атқару комитеті меп Халық комиссариаты кеңесінің жаңа экономикалық саясат жылдарында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық ахуалды толық күйреткен «Ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды тәркілеу және жер аудару туралы декретіне» сәйкес бүкіл Қазақстандағы сияқты Сырдария округінде де байларының мал-мүліктерін тәркілеу науқаны басталды. Ірі байлардың малдарын, дүние-мүлкін тәркілеу үшін арнайы комиссиялар құрылды.

Өлкелік органдардың директивалары негізінде Сырдария округтік комитеті 1928 ж. 29-тамызда округтік комиссия құрды. 15-қыркүйекке дейін округтік комитет өзінің бюросы мен секретариатында байлардың мал-мүлкін тәркілеу мәселесін алты рет қарастырған. Сонымен қатар, аталған мәселеге арнап, округтік партия комитеті активтерінің екі жиналысын өткізді. Бірінші 30 адам қатысқан жиналыста тәркілеудің теориялық жақтары, оны іске асыру мәселелері қаралады. Негізінен, тәркілеудің іс-шаралары кеш басталғандықтан байлар мал-мүлкін жасырып үлгеруі, территориядағы өзбек байларының тәркілеумен қамтылуы және т.б. сұрақтар талқыланды [5]. Екінші жиналыста жиналыста тәркілеуге байланысты нұсқауларға қосымша толықтырулар енгізілді. Соның негізінде округтік комитет партия активінен 13 ауданға өкілетті өкілдер жіберді. 1928 жылы 3-қыркүйектегі БК/б/П Сырдария округтік бюросында өкілетті өкілдердің келесідей тізімдері бекітілген:

1. Созақ ауданына Қызылқожаев, Нұрбеков.
2. Түркістанға Бегалиева, Наурызбаев.
3. Жанақорғанға Ердімбаев, Қаратаев.
4. Меркіге Измұхаметов, Егінбаев, Ахметов.
5. Шаянға Бектұрғанов, Қосаев, Бархиев.
6. Бадамға Жамбылов, Ерғазиев.
7. Қызылқұмға Құлжабаев, Ақботин, Шайманов, Жолдыбаев.
8. Келеске Дүйсекеев, Үсенов.
9. Қаратасқа Құлжанов, Байкөбеков.
10. Үржарға Әбдірахманов.

11. Түлкібасқа Иманқұлов.
12. Қарааспанға Мәмбиев.
13. Таласқа Алтынбеков.

Осылайша, қолдарына билік тиген өкілдер жергілікті шолақ белсенділермен қосылып, компартия идеясын іске асыра бастады [3; 32].

Нәтижесінде, Сырдария округінде межеленген 89 қожалықтың орнына 106 қожалық иесі тәркілеуге ұшырады. Бұлар 20 отырықшы, 52 жартылай көшпелі, 34 көшпелі шаруашылықтан құралған. Сырдария округінде тәркіленуге тиісті 42434 мың мал санының орнына 24736 мал тәркіленді [6]. Тәркілеу науқаны барысында бірқатар әділетсіздіктерге жол берілгенін де көруімізге болады. Оның дәлелі ретінде, шала сауатты шолақ белсенділер жоғарыдағылардың қолдауымен тәркілеу тізіміне тәркілеуге ілінбейтін орташаларды да қосып жіберіп отырғандығын атап өтуге болады. Мысалы, Сырдария округінде аудандық комитет өкілдері Есдәулетов Сыдықбекті және Сатыбаев Байкамалды бар болғаны 100-150 қойы болғанына қарамастан байлар тізіміне 700 бас малы бар деп қосып жіберген. Округтік комитет мүшесі Исанбаев 400-600 ұсақ малы бар 35 орташаны тәркілеу тізіміне енгізген. Шектен шығып зорлық көрсету округтік комитет құрған өкілден бастап БК/б/П ұйымдарының мүшелерін де қамтыды. Сырдария округінің Қаратас ауданында округтік комитет бекіткен 2 адам орнына 8 адамды тәркілеу межеленген [7].

1928 ж. 14 қазандағы Қазақ өлкелік комитеті бөлімшесінің ақпараттық-статистикалық анықтамасында Сырдария округі бойынша Әулиеата, Қарсақпай, Мерке, Түркістан, Бадам, Талас, Қызылқұм және Шаян аудандары байларының мүліктерін тәркілеу нәтижесінің келесідей есебі берілген:

2 - кесте

Сырдария округі бойынша Әулиеата, Қарсақпай, Мерке, Түркістан, Бадам, Талас, Қызылқұм және Шаян аудандары байларының мүліктерін тәркілеу нәтижесі

	Есеп бойынша	Тәркіленгені
Байисеитов	335 ірі қара	393
Заурбеков	400	302
Бабиров	933	559
Ахмибеков	816	179
Байляров	-	123

Өлкелік бөлім мәліметіне сәйкес 11 105 бас малы бар Мерке ауданында 22 шаруашылық (5701 бас мал) тәркіленген. Ал Шаян ауданында ірі қара малға ие 6 шаруашылық, яғни 1300 ірі қара, 15600 ұсақ мал, 155 жылқы, 204 түйе, 40 сиыр, 3000 бас ұсақ мал тәркіленген. Түркістан ауданы бойынша Өлкелік бөлімшенің мәліметі бойынша 2 шаруашылықта 230 ірі қара, 5180 бас ұсақ мал болған және 676 мал тәркіленген. Бадам ауданы бойынша 6 шаруашылықта 370 ірі қара және Сармановтың шаруашылығында 1000 бас ұсақ мал анықталған. Фактілі түрде Бадам ауданының 6 шаруашылығы бойынша 1238 мал тәркіленген. Талас ауданындағы Тавалиевтің шаруашылығында 196 ірі қара, 1600 бас ұсақ мал болған және соның 1200 мал тәркіленген. Қызылқұм ауданындағы 22 шаруашылық бойынша 6625 бас мал тәркіленген [8].

Өлкелік атқару комитетінің есебіне сәйкес Сырдария округіне қарасты Түркістан ауданында 6 бай анықталған, оларды келесі кестеден көруге болады [9].

3 - кесте

Сырдария округі, Түркістан ауданындағы байлар

№	Анықталған байлар	Отбасы саны	Ауыл нөмері	Мал саны
1	Бидаш Изеев	8	8	353
2	Сердали Бедашев	12	8	234
3	Ербисбек Бавашев	15	1	320
4	Алиб Толқумбаев	10	11	246
5	Джантюре Аралбаев	5	12	61
6	Джанбек Турсунбаев	20	12	635

Жалпы аудан бойынша, 1849 бас мал анықталған және бұл келесідей сипатта тәркіленген: 90 шаруашылыққа 143 түйе, 246 жылқы, 50 ірі қара, 4 есек, 641 қой, 286 ешкі, 1 киіз үй, 2 киіз таратылған. №1-інші және 11-інші, 8-інші ауылдардағы жаңадан құрылған 4 ұжымдық шаруашылыққа (мүше саны 164) 140 түйе, 155 жылқы, 274 ірі қара, 8 есек, 1590 қой, 1367 ешкі, 3 киіз үй және 5 киіз таратылып берілген [9].

Отырықшыландыру мәселесіне келер болсақ, Ф.И. Голощекин: «Бізде, Қазақстанда ауыл шаруашылығы мәселелерін шешудің негізгі жолы бәрінен бұрын қазақ халқының күшімен, ұжымдастыру жолымен орасан зор алқапты игеруде болып отыр. Бұл жерде қысқа мерзімде отырықшыландыруды жүзеге асыру қажет», – деп көшпенділердің отырықшыға айналуын қайта-қайта талап етті. Осындай нұсқаулардан кейін отырықшыландыру процесін «жоспарлы» түрде іске асыру мәселесі бірден қағаз жүзінде қалып, іс жүзінде қара дүрсінділікке жол берілді [3; 62].

Отырықшыландыру барысының алғашқы айларында-ақ үлкен қиындықтар болды. І-ші бесжылдық жоспарына байланысты жерге орналастыру, қоныс аудару мәселелері қаржы тапшылығына келіп тірелді. Соған байланысты, үкімет бұл процеске жедел қарқын беруге тырысқанымен, алғашқы жылдары мардымды нәтижелерге жете алмады. Үкімет өзінің бөлген қаржыларында әр шаруашылыққа жұмсалатын шығындарды былайша есептеді: территорияны ұйымдастыруға — 72 сом, жер жыртуға — 15 сом, агроветеринарлық көмекке — 30 сом, ауыл шаруашылығы құралдарына — 113 сом, тұрғын үй-ісіне — 150 сом, ауыл шаруашылық құрылыстарына — 100 сом, барлығы 479 сом [10].

Өлкелік партия комитетінің 1930 ж. қазан айының басына дейінгі есепті баяндамаларында отырықшыландыру процесінің барысы кеңінен баяндалды. Осы жылдың тоғыз айлық қорытындысы бойынша жылдық жоспардың 53,9 пайызға ғана орындалғаны атап көрсетілді. Сырдария округінің Қызылқұм, Талас, Шаян, Үржар, Келес аудандары 1930 ж. отырықшылыққа көшкен барлық шаруашылықтың 100 пайызға ұжымдастырылуымен аяқтады. Сырдария округінде 8368 шаруашылықты отырықшылыққа көшу жоспарланса, 1930 ж. 8244 шаруашылық отырықшы мәдениетке көшіп, бір ұжымдық шаруашылыққа орташа есеппен 156 қожалықтан келді [3; 62].

4 - кесте

Сырдария округіндегі ұжымдастыру үдерісі

Аудан аты	Шаруашылықтар саны			Ұжымдастырылғаны		
	жоспар бойынша	тіркелгені	%	ұжымшар саны	оған біріккен қожалық саны	%
Қызылқұм	1000	1225	122,5	3	1225	122,5
Шаян	1321	883	66,8	2	883	66,8
Үржар	2773	2773	100	15	2773	100
Келес	2813	2902	103	29	2900	102
Талас	461	461	100	1	461	100

Кестеден көрініп тұрғандай, Қызылқұм, Талас, Шаян аудандарында бір ұжымшарға 400-ден астам қожалық келіп тұр. Ұжымшарлар құрғанда табиғи-тарихи жағдайларына қарап, жер игеруші аймақтарда бір ұжымға 300-ден, жер игеруші-мал шаруашылықты аудандарда 200-ден, жартылай көшпелі аудандарда 100-ден аспауын қадағалау партия жағынан талап етілген [3; 63]. Ал Сырдария округіндегі ұжымдастырудың қарқынын келесі 5-кестеден көруге болады:

5 - кесте

Ұжымдастыру қарқыны [11]

Жыл	Ұжымдық шаруашылық саны	Ұжымдастыру (пайызбен)	Өсу деңгейі
1930 жылғы 1-шілде	34 444	51,4	100
1930 жылғы 1-желтоқсан	34 442	54,1	100
1931 жылғы 1-қаңтар	36 657	54,7	106

1930 жылғы отырықшыландырудың қорытындыларын талқылаған Қазақ АКСР Орталық атқару комитеті Президиумының қаулысында отырықшылыққа көшіру жұмысында сан алуан қиындықтардың орын алып отырғаны аталып өтілді. Жұмыстың қарқынды жүрмеу себебін қазақ халқының

шаруашылық ерекшеліктерінен емес, партия, кеңес органдарындағы «оңшылдардың» бұл іске қарсылық білдіруінде деп көңіл аударылмайтын факторлардан іздей бастады. Жергілікті комитеттердің кейбірінде жұмыстар жоспарсыз, жайбасарлықпен ақшаны есепсіз жұмсаумен жүргізілуде, сонымен қатар ұлтшылдық пен ұлы державалық шовинизм екінші жағынан артқа тартуда деп көрсетілді. Өлкелік мекеменің өзінде де отырықшыландыру асығыс іс екеніне көз жете бастады. Мысалы, республикалық отырықшыландыру комитетінің қызметкерлері Досжанов: «қазақ отырықшыландыруды күте тұру керек, асығудан еш нәтиже болмайды» десе, Құлжанова «үйреніспеген халықтың тығыз орналасуынан жұқпалы аурулар тарап, қиыншылықтар тудырады» деп қарсылық көрсетулерін Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының Ерекше бөлімі сынға алды [12; 99].

Талқылау

Қазақстан тарихының тарихнамасында 1928-1932 жылдардағы жаппай ұжымдастыру мен оның халыққа келтірілген зардаптары, ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ халқының өміріндегі қасіретті, зұлматты, зобалаң кезеңдері геноцид, этноцид деген атаулармен белгілі. Атап өту қажет, еліміздің оңтүстігінде, соның ішінде Сырдария округіндегі ашаршылыққа алып келген Кеңес өкіметінің ұжымдастыру мен байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқанына қатысты кешенді зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Қазақстандық және шетелдік зерттеушілер жалпы Қазақстандағы ұжымдастыру науқанына көп көңіл бөледі. Дегенмен, қазақстандық зерттеуші Н.С. Байқадамовтың «Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жылдар)» [3] деп аталатын кандидаттық диссертациясының қазақстандық тарихнамада орыны ерекше. Өйткені, автор өзінің зерттеуінде Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру мен байлардың мал-мүлкін тәркілеу науқанын еліміздің оңтүстігіндегі архив қорларының негізінде жан-жақты зерттеген. Оның пікірінше көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда ауыл шаруашылық артелін құру, күштеп отырықшыландыру, көшуге тыйым салу 1930 ж. Сырдария округінде қаңтар, ақпан, наурыз айларында мал басының кемуіне әкеліп соқты және байларды тәркілеудің басты мақсаты ең алдымен оларды туган жерінен, ағайын-туыстарынан, жақын-жекжаттарынан, отбасынан айырып, өмір сүруге қолайсыз жерлерге орналастырып, қасірет шектіру болған.

Көрнекті ғалым М. Қозыбаевтың Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақтарға» байланысты зерттеулері бұл мәселені саралауға көп септігін тигізді. М. Қозыбаевтың «Ақтаңдақтар ақиқаты» [13] еңбегінде сол кезеңде Батыс Сібірге қараған Ақмола, Семей губернияларының Қазақстанға қосылу жөнінде аймақтың әлеуметтік экономикалық жағдайының көлеңке тұстары туралы мәселелер қарастырылады. Ғалым, зерттеуші Ж. Абылхожин өзінің еңбегінде кеңестік дәуірдегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайын баяндай отырып, «әскери коммунизм», жаңа экономикалық саясат, ұжымдастыру және тағы басқа мәселелерді тарихи құжаттар негізінде ғылыми айналымға енгізген [14]. 1920-30 жылдардағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық процестерді жан-жақты, әрі ашаршылық мәселесін жүйелі зерттеп жүрген ғалым Т. Омарбековтің «Зобалаң» [15], «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы Қазақстан қасіреті» зерттеулерінде зерттеуші кеңестендіру саясатының салдарын көрсете келе, жаңадан бой көтеріп келе жатқан тоталитарлық қоғамға халық бұқарасына жанашыр, қамқоршы болатын ұйымдардан гөрі, әркез бас шұлғып қолдаумен қанағаттанатын рухта тәрбиелейтін мемлекеттік органдардың қажет болғандығын баса көрсеткен. Бұл еңбектерде біз талдап отырған мәселенің кейбір тұстары көрсетілген. Сондай-ақ ғалым XX ғасырдың 20-30-жылдарында Қазақстанда кеңестік тоталитарлық жүйенің жүргізген «Кіші Қазан», байларды тәркілеу, шаруаларды күштеп ұжымдастыру сияқты төтенше саяси-шаруашылықтық науқандарына мұрағат деректері мен материалдары негізінде талдау жасап, шынайы ғылыми тұжырымдар түйіндеген [16].

Қазақстандық зерттеуші З.Ф. Сақтағанова 1931-1933 жж. ашаршылықтың себептерін нақтылап, оның бір факторы ретінде Ф. Голощекиннің «Кіші Қазан» реформасын қосу керек деген пікірді айтады. Сол кездегі бай шаруашылықтарын тәркілеу — Қазақстанның дәстүрлі құрылымының жойылуының бастамасы еді. Елімізде ашаршылық болуының тағы бір негізгі факторы ретінде — мәжбүрлеп отырықшыландыруды қарастырады [17].

Шетелдік зерттеуші Изабель Огайонның пікірінше Қазақстандағы мал шаруашылығы жүйесінің күйреуі төрт кезеңнен тұрды және бұл ұжымдастыру — азық-түлік салығы — отырықшыландыру — байлардың мал-мүлкін тәркілеумен байланысты. Осының барлығы Қазақстанда ашаршылықтың басталуына алып келді [18; 206, 207]. Р. Дэвис және С. Уиткрофт [19; 329–331]. Қазақ даласындағы

ашаршылықтың басталуына себеп болған өзара байланысы бар келесі бес факторды атап көрсетеді: ұжымдастыру және байларды жою; қазақ халқын отырықшылыққа көшіру; малдарды мәжбүрлеу арқылы ортақтастыру; көлемді астық даяралу; мал дайындау.

Осылайша, қазақстандық және шетелдік зерттеушілердің республикадағы, соның ішіндегі Оңтүстік Қазақстанда күштеп ұжымдастыруға, отырықшыландыруға, ірі көлемде астық және ет даярлауға бағытталған саясатты ашаршылықтың басталуына алып келді деген пікірлерімен толық келісуге болады.

Қорытынды

Кеңес өкіметі шаруалардың наразылығына қарамастан Қазақстанда, оның ішінде Сырдария округінде де ұжымдастыруды күштеу әдістері арқылы толық жүзеге асырды. Өйткені, мұндай өктем саясаттың артында «алып машина» сталиндік әкімшіл-әміршіл жүйе және оның Қазақстандағы өкілі, Голощекиннің «Кіші Қазан» төңкерісі тұрған еді. Социалистік құрылысты күштеп енгізу Сырдария округінің де шаруалары жағдайының күрт нашарлауына, олардың кеңес өкіметінің саясатына наразылық білдірулеріне алып келді. Сонымен бірге округтің барлық өңірінде көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауына, дәстүрлі қазақ қоғамының ыдырауына, халықтың аштыққа тап болуына әкеліп соқтырды. Сырдария округінде ауыл шаруашылығын ұжымдастыру қарқынды түрде жоспарға сәйкес жүргенімен Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың ақпарлары, партия ұйымдарының баяндамалары бойынша жергілікті жерлердегі жауапты адамдар қателіктерге бой алдырып, асыра сілтеушіліктерге барған, халық наразылықтары, аштық жағдайлары, босқыншылық орын алған. Зерттеу нәтижесінде 1928–1932 жж. Сырдария округінде де байлардың мал-мүлкін тәркілеу мен ұжымдастыру науқанының ауқымды түрде жүргенін көруімізге болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Материалы по районированию Казахстана. — Кызылорда, 1928. — Ч. 2. — 196 с.
- 2 Центральный Государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). — Ф. 30. — Оп. 1. — Д. 813. — Л. 106-114.
- 3 Байқадамов Н.С. Сырдария округіндегі күштеп ұжымдастыру және шаруалардың қарсыласу қозғалысы (1928-1932 жылдар): тар. ғыл. канд. ... дисс. / Н.С. Байқадамов. — Алматы, 2001. — 150 б.
- 4 Шершевский Б.М. Начало массового колхозного движения в бывшем Кызылординском округе (1926-1930): дисс. ... канд. ист. наук / Б.М. Шершевский. — Алматы, 1948. — 328 с.
- 5 Южно-Казахстанский Областной государственный архив (далее — ЮКО ОГА). — Ф. 29. — Оп. 1. — Д. 35. — Л. 255.
- 6 ЦГА РК. — Ф. 1432. — Оп. 1. — Д. 146. — Л. 47.
- 7 ЮКО ОГА. — Ф. 29. — Оп. 1. — Д. 37. — Л. 54.
- 8 Национальный архив Республики Казахстан (далее — НА РК). — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 165. — Л. 157-165.
- 9 НА РК. — Ф. 141. — Оп. 1. — Д. 2058. — Л. 130-160.
- 10 Танатарова Ж. Қазақтарды отырықшыландыру процесі: бастаулары мен қателіктері (1930 ж.) / Ж. Танатарова // Отан тарихы. — 1999. — № 2. — Б. 75-79.
- 11 Черкасов К. Выполним решения ЦК о коллективизации / К. Черкасов // Большевик Казахстана. — 1931. — №1. — С. 11-15.
- 12 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 годах. Сборник документов и материалов. / сост. К.С. Алдажуманов и др. — Алматы: Фонд «XXI век», 1998. — 263 с.
- 13 Қозыбаев М.К. Ақтандақтар ақиқаты / М.К. Қозыбаев. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 272 б.
- 14 Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век / Ж. Абылхожин. — Алматы: Университет «Туран», 1997. — 360 с.
- 15 Омарбеков Т. Зобалаң / Т. Омарбеков. — Алматы: Санат, 1994. — 230 б.
- 16 Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: көм. оқу құр. / Т. Омарбеков. — Алматы: Қазақпарат, 2001. — 404 б.
- 17 Сактаганова З.Г. «Ашаршылық — Великий джуг» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к постановке проблемы / З.Г. Сактаганова // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. — 2021. — №2 (102). — С. 117-128.
- 18 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.) / И. Огайон. — Алма-Ата: Санат, 2009. — 368 с.
- 19 Дэвис Р. Годы голода. Сельское хозяйство СССР. 1931–1933 / Р. Дэвис, С. Уиткрофт. — М., 2011. — С. 329–332.

У.А. Агулыкова, Б.К. Исабек

Особенности кампании коллективизации и конфискации в районах Сырдарьинского округа

Сырдарьинский округ, существовавший в 1928-1930 годах в составе Казахской АССР, был аграрным округом, специализирующимся на сельском хозяйстве. Основной экономической деятельностью в округе являлось земледелие и животноводство, что подтверждается наличием многочисленных районов, ориентированных на сельскохозяйственное производство. Таким образом Сырдарьинский округ играл важную роль в преобразованиях конца 1920-х — 1930-х гг., регион представлял собой модель аграрного производства страны. Сырдарьинский округ, как и весь Казахстан, был подвержен коллективизации. Коллективизация в Сырдарьинском округе, как и в других частях Казахстана, проходила в условиях жесткого принуждения и сопровождалась насильственным изъятием скота и земли у населения, что привело к массовому голоду и гибели людей. В статье рассмотрен процесс разработки политики сплошной коллективизации на уровне центральных и краевых партийно-государственных органов, а также особенности проведения коллективизации в Сырдарьинском округе. На основе архивных документов, авторами данной статьи рассмотрен комплекс мер по проведению конфискации имущества баев.

Ключевые слова: коллективизация, конфискация имущества баев, Сырдарьинский округ, голод, сельское хозяйство, политика коллективизации, история Казахстана.

U.A. Agulykova, B.K. Isabek

Features of the Collectivization and Confiscation Campaign in the Districts of the Syr Darya Region

The Syr Darya District, which existed from 1928 to 1930 as part of the Kazakh ASSR, was an agrarian district specializing in agriculture. During this period, the district was formed from parts of the Akmola, Semipalatinsk, and Syr Darya provinces, with its center in the city of Shymkent. The main economic activities in the district were agriculture and livestock breeding, which is confirmed by the presence of numerous areas focused on agricultural production. Thus, the Syrdarya District played an important role in the transformations of the late 1920s and 1930s, with the region serving as a model for the country's agricultural production. The Syrdarya District, like the rest of Kazakhstan, was subject to collectivization. Collectivization in the Syr Darya District, as in other parts of Kazakhstan, took place under conditions of severe coercion and was accompanied by the violent seizure of livestock and land from the population, which led to mass starvation and death. The article examines the process of developing a policy of continuous collectivization at the level of central and regional party and state bodies, as well as the specifics of collectivization in the Syr Darya district. Based on archival documents, the authors of this article show the specifics of collectivization in this district, examine a set of measures for confiscation, and describe forms of resistance by the peasantry.

Keywords: collectivization, confiscation of property, Syr Darya district, famine, agriculture, collectivization policy, history of Kazakhstan.

References

- 1 (1928). *Materialy po raionirovaniyu Kazakhstana* [Materials on the zoning of Kazakhstan. Part 2]. Part 2. Kyzylorda [in Russian].
- 2 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 30. — Op. 1. — D. 813. — L. 106-114 [in Russian].
- 3 Baikadamov, N.S. (2001). Syrdariia okrugindegi kushtep uzhymdastyru zhane sharualardyn qarsylasu qozgalysy (1928-1932 zhyldar) [Forced collectivization and peasant resistance movement in the Syrdarya district (1928-1932)]. *Extended abstract of candidat's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 4 Shershevskii B.M. (1948). Nachalo massovogo kolkhoznogo dvizheniia v byvshem Kyzylordinskom okruge (1926-1930) [The beginning of the mass collective farm movement in the former Kyzylorda district (1926-1930)]. *Extended abstract of candidat's thesis*. Almaty [in Russian].
- 5 YuKOGA [State Archive of South Kazakhstan Region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 35. — L. 255 [in Russian].
- 6 TsGA RK [Central State Archives of the Republic of Kazakhstan]. — F. 1432. — Op. 1. — D. 146. — L. 47 [in Russian].
- 7 YuKOGA [State Archive of South Kazakhstan Region]. — F. 29. — Op. 1. — D. 37. — L. 54 [in Russian].
- 8 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 165. — L. 157-165 [in Russian].

- 9 NA RK [National Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 141. — Op. 1. — D. 2058. — L. 130–160 [in Russian].
- 10 Tanatarova, Zh. (1999). Qazaqtardy otyryqshylandyru protsesi: bastaulary men qatelikteri (1930 zh.) [The process of settlement of Kazakhs: beginnings and mistakes (1930)]. *Otan tarikhy — History of the Homeland*, 2, 75–79 [in Kazakh].
- 11 Cherkasov, K. (1931). Vypolnim resheniia TsK o kollektivizatsii [Let's Fulfill the Decisions of the Central Committee on Collectivization]. *Bolshevik Kazakhstana — Bolshevik of Kazakhstan*, 1, 11–15 [in Russian].
- 12 Aldazhumanov, K.S. (Comp.). (1981). *Nasilstvennaia kollektivizatsiia i golod v Kazakhstane v 1931-33 godakh. Sbornik dokumentov i materialov* [Forced Collectivization and Famine in Kazakhstan in 1931-33. Collection of Documents and Materials]. Almaty: Fond «XXI vek» [in Russian].
- 13 Kozybaev, M.K. (1992). *Aqtandaqtar aqiqaty* [The truth of Aktangdak]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 14 Abylkhozhin, Zh. (1997). *Ocherki sotsialno-ekonomicheskoi istorii Kazakhstana. XX vek* [Essays on social and economic history of Kazakhstan XX century]. Almaty: Universitet «Turan» [in Russian].
- 15 Omarbekov, T. (1994). *Zobalan* [Zobalang]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 16 Omarbekov, T. (2001). *XX gasyrdagy Qazaqstan tarikhynyn ozekti maseleleri: komekshi oqu quraly* [Actual problems of the history of Kazakhstan of the 20th century: auxiliary textbook]. Almaty: Qazaqparat [in Kazakh].
- 17 Saktaganova Z.G. (2021). “Asharshylyq — Velikii dzhut” 1931–1933 gg. v Tsentralnom Kazakhstane: k postanovke problemy [“Asharshylyk — Great Jute” 1931–1933 in Central Kazakhstan: to the problem statement]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriia. Filosofii — Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series*, 2(102), 117-128 [in Russian].
- 18 Ogajon, I. (2009). *Sedentarizatsiia kazakhov SSSR pri Staline. Kollektivizatsiia i sotsialnye izmeneniia (1928–1945 gg.)* [Sedentarization of the Kazakhs of the USSR under Stalin. Collectivization and Social Change (1928–1945)]. Alma-Ata: Sanat [in Russian].
- 19 Devis, R., & Uitkroft, S. (2011). *Gody goloda. Selskoe khoziaistvo SSSR. 1931–1933* [Years of Hunger. Agriculture of the USSR. 1931–1933]. Moscow [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Агулыкова Улжанат — PhD докторанты, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-2862-4606>

Исабек Баршагул — т.ғ.к., доцент, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>

Information about the authors

Agulykova Ulzhanat — PhD Student, U. Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-2862-4606>

Isabek Barshagul — Candidate of Historical Sciences, South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-1470-8945>